

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен экономикалық факультеттің 20-жылдығына орай ұйымдастырылған  
**«Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер»**  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**  
7 сәуір 2016ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**  
международной научно-практической конференции  
**«Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма»**,  
посвященной 20-летию Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева и экономического факультета  
7 апреля 2016г.

**PROCEEDINGS**  
of the international scientific-practical conference  
**“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**  
dedicated to the 20-th anniversary of the L.N. Gumilyov Eurasian National University and the Economic Faculty  
7 April, 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

Қ 41

**Редакционная коллегия:**

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,

Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.

Профессор кафедры «Туризм», д.э.н. Сыздыкбаева Б.У.

Заведующий кафедрой «Туризм», к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.

Заведующий кафедрой «Менеджмент», д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.

Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ», к.э.н., доцент Алибекова Б.А.

Заведующий кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор Садвокасова К.Ж.

Заведующий кафедрой «Экономика», к.э.н., асс. профессор Рахметулина Ж.Б.

Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование», к.э.н., доцент Бабланов Т.К.

**Қ41 Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер:** Халық. ғыл.-тәжіриб. конф. еңбектер жинағы \_ **Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма:** Сб. материалов межд. науч.-практ. конф. \_ Proceedings of the international scientific-practical conference **“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 \_ Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016 \_ Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.

**ISBN 978 – 601 -301 – 677 - 1**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбек жинағында қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма.

Economic issues in the fields of finance, accounting, management and tourism are covered in the international scientific-practical conference collection of materials.

**УДК 336: 338.48 (063)**

**ББК 65.261**

**ISBN 978 – 601 -301 – 677 – 1**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016

қызмет көрсетуін оңтайландыру жөніндегі қызметі; басқару келешекте макроэкономикалық қиыншылықтардан және төлем балансының проблемаларынан аман болу мақсатында жүзеге асырылады. Бұл орайда борыш мониторингі – борышты есепке алу, талдау және қалыптастыру, өзгерту және оған қызмет көрсету процестерін қадағалап, бақылап отыру жөніндегі уәкілетті органдардың қызметінде мемлекеттік борыштын мониторингі жүргізіледі. Мемлекеттік қарызды басқарудың келесідей әдістері бар:

- Қайта қаржыландыру
- Конверсия (Мерзімді ұзарту)
- Консолидация (Жаңғырту)
- Сәйкестендіру (унификация)
- Облигацияларды кемімелі ара салмақ бойынша айырбастау
- Қарыздарды өтеудің мерзімін ұзарту
- Мемлекеттік борышты төлеуден бас тарту.

Мемлекеттік емес қарыз алуды Қазақстан Республикасының резиденттері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді ескере отырып, кез келген мөлшерде, кез келген валютамен және кез келген нысанада дербес жүзеге асырады. [4]

Мемлекеттік борышқа қызмет көрсету деп қарыз алудың шарттарынан туындайтын сыйақы, комиссиялық және өзге төлемдердің жиынтық төлемақыларын айтады. Борышты өтеу – қарызгердің қарыздың алынған сомасын несиегерлермен шарттармен белгіленген тәртіппен қайтаруы, белгіленген тәртіппен борышты құрайтын басқа міндеттемелерді орындауы. Қайта қаржыландыру мемлекеттік берешекті жаңа қарыз шығару есебінен өтеуді білдіреді.

#### **Әдебиет:**

1. Смағұлова Р.О., Мәдіханова Қ.Ә., Ә.Қ. Тұсаева Ә.Қ., Ж.Ш. Сатыбалдиева Ж.Ш. Қаржы, ақша айналысы және несие: Оқу құралы – Алматы: «Экономика» баспасы 2008 ж. – 462б
2. Блеутаева К. Б. Ақша және банктер. Оқу құралы. Екінші басылым. Өңделіп толықтырылған – Алматы. 2007 ж. – 272б
3. Сейтқасымов Ғ.С. Банк ісі: Оқулық – Астана: ҚазЭҚХСУ:БПО, 2009 - 586б
4. Евсюков В. В., Кочетыгов А. А., Тружнев Д.Н. Комплексный подход к формированию кредитного портфеля банка : Банковское дело - 2008. № 7. С. 45-48.

## **КӘСІПОРЫН ШЫҒЫНДАРЫН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ «АВ-КОСТИНГ» ӘДІСІ**

***Жолумбаева А.Е.***

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,  
Астана, Қазақстан Республикасы

Е-mail: [zharok94@mail.ru](mailto:zharok94@mail.ru)

Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доцент Тажикенова С.К.

Қазіргі заман талаптарына сай Қазақстанда, сонымен қатар бүкіл әлемде басқару есебін ұйымдастыру мен дамытудың тиімді жолдарын іздестіру өзекті мәселелердің бірі. Осыған сәйкес, шығындарды және нәтижелерді жоспарлау, талдау және бақылау әдістерін дамыту мен жетілдіру бойынша сұрақтар басқару есебінің барлық жүйесінде негізгі орталық мәселеге айналуда.

Соңғы онжылдықта ірі кәсіпорындар өзіндік құн мен пайданы басқару үшін операциялық менеджмент немесе жекелеген операциялар мен жекелеген қызмет түрлерін басқару арқылы шығындарды басқаруды қолдануды бастады. Жекелеген қызмет түрлерін құрайтын операциялар калькуляцияның аралық объектісіне, ал онымен байланысты үстеме шығыстар есеп пен талдаудың негізгі объектісіне айналды. Бұның нәтижесінде «АВ-костинг» жүйесі пайда болды.

«АВ-костинг» (Activity-based costing) жанама шығындардың жоғары деңгейі мен шығарылатын өнімнің жоғары ассортиментімен жоғары дамыған индустриалды өндіріске ие заманауи ұйымдар шарттарына жауап беретін шығындар есебі мен толық өзіндік құнды калькуляциялаудың заманауи жүйелерінің бірі. Бұл жүйе өз дамуын ХХ ғ. 80-жылдарында кәсіпорын өнімдерінің нақты өзіндік құнын бұрмалайтын үстеме шығыстарды дәстүрлі бөлуді сынға алған Р. Купер мен Р.Каплан секілді экономисттер еңбектерінде алады. «АВ-костинг» жүйесі жанама үстеме шығыстарды нақты бөлуге мүмкіндік береді [1].

Шығындарды процестік-бағытталған басқару «АВ-костинг» шығындар есебінің жалпыланған жүйесінің кемшіліктерін алдын алу үшін қолдануға болатын бағалы тұжырымдама болып табылады. «АВ-костинг» калькуляциялау жүйесі негізінде кәсіпорындардағы жанама шығындардың жоғары меншікті салмағымен өнімнің өзіндік құнын құрудың басқа да принциптік амалдары жатыр.

«АВ-костинг» әдісі – шығындар есебінің дәстүрлі жүйесінің шектеулерін жеңе алатын және өнімдер мен олардың өндірісіне қажетті шығындар арасындағы себеп-салдарлық байланыс орнатуға мүмкіндік беретін прогрессивті концепция. Бұдан, «АВ-костинг» – бұл шығындар объектілерінің анықтамасын, шығындар жіктелімі мен объектілер бойынша оларды бөлу әдістерін қосатын шығындар есебінің жүйесі десек болады.

«АВ-костинг» әдісін қолданудың негізгі бағыттары келесідей:

- шығындар объектілерінің өзіндік құнын нақты есептеу мен осы негізде құнын бекіту;
- шығындарды бюджеттеу мен қызмет, бөлім, учаскелер, бөлімшелер түрлері бойынша бюджеттің ұстанылуын бақылау;
- қызмет түрлерінің бечмаркингі мен оның нәтижелері негізінде бизнес-процестердің реинжинирингі үшін ақпараттық база;
- аутсорсинг жөнінде шешім қабылдау үшін ақпараттық база.

«АВ-костинг» әдісін қолдануда есеп пен талдаудың негізгі объектісі болып үстеме шығыстар танылады. «АВ-костинг» әдісінің мақсаты – өзіндік құнды калькуляциялау мен шығындарды басқарудың нақты нәтижелеріне жету.

Жүйенің қолданылу аясы – кез-келген кәсіпорындар. Алайда, «АВ-костинг» әдісін өзіндік құн құрылымында жанама шығындар үлесі жоғары күрделі шаруашылық кешендердің көпсалалы кәсіпорындарында қолдану әлдеқайда тиімді.

«АВ-костинг» жүйесінде шығындарға байланысты қызмет түрлерін келесідей жіктеуге болады:

1. Өндірілген өнім бірліктерінің мөлшерін анықтайтын қызмет түрі (unit – level activities), яғни кәсіпорынның тікелей өзгермелі шығындарына байланысты: тікелей материалдық шығындар және тікелей еңбек шығындары.

2. Өндірілген өнім топтамаларының мөлшерін анықтайтын қызмет түрлері (batch – level activities). Ережеге сай, кәсіпорын бөлімшелеріне қызмет көрсететін қызмет түрлері: құрылғыларды жөндеу, материалдарды тасымалдау, сапаны бақылау және т.б.

3. Нақты өндірілетін өнімдермен анықталатын қызмет түрі (product – level activities). Бұл қызмет түріне конструкторлық өңдеу жұмыстары, маркетингтік зерттеулер, жарнамалық акциялар және т.б. жатады.

4. Өндірістік қуат мөлшерімен анықталатын қызмет түрі (facility – level activities). Бұл қызмет кәсіпорын қызметімен тікелей байланысты: күзет, коммуналды қызмет көрсетулер, негізгі қорлар амортизациясы және т.б. Бұл қызмет нәтижесінде туындайтын шығындар тұрақты немесе шартты-тұрақты шығындарға жатады [2].


«АВ-костинг» жүйесін қолдануда келесідей сатыларды бөлуге болады (1-сурет):

1. Қызмет түрі бойынша үстеме шығыстарды топтастыру мен бөлу – кәсіпорында орны бар шығындардың функционалды орталықтары бойынша.

2. Үстеме шығыстардың тұтынылуына алып келетін факторларды айқындау.

3. Үстеме шығыстарды шығын ұстаушыларына бөлу мөлшерлемелерін есептеу.

4. Есептелген бөлу мөлшерлемелері арқылы өнімнің өзіндік құнына үстеме шығыстарды қосу.



Сурет-1. «АВ-костинг» жүйесінің концептуалды схемасы

Өнімнің (жұмыс, қызмет) өзіндік құнын есептеудің «АВ-костинг» әдісі келесідей міндеттерді шешуге бағытталады:

- Өнімнің өмірлік циклінің әр түрлі сатыларындағы өзіндік құны.
- Кәсіпорынның ішкі және сыртқы шығындарын талдау.
- Функционалды-құндық бағалау, яғни өнім құрылымының элементтерін талдау.

– Өнім дизайнын өңдеу шығындары, яғни дизайнның өнімнің өмірлік цикліне және өнімнің тұтынушылық құрамының өзгерісінің өзіндік құнға әсерін айқындау.

– Шығындарды операциялық талдау, яғни жеке технологиялық операцияларды жүзеге асыруға кететін шығындарды есептеу.

– Қызмет түрі бойынша шығындар есебі жанама өндірістік, тұрмыстық және әкімшілік шығындар драйверлерін анықтайды. Оның басты міндеті – өнімге деген қажеттілікті бағалау, сонымен қатар қызмет түрін жүзеге асыруда қажет ресурстарды бағалау.

Бұл жүйені қолданудың өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың өзге жүйелерден артықшылықтары келесідей:

– өндірістік шығындарды нақты анықтау және өнімді емес шығындарды қысқарту мүмкіндігі;

– шығындар мен пайданы басқарудың тиімді механизмі;

– шығындар мен өнімдер арасында себеп-салдарлы байланысты орнату;

– кәсіпорын қызметінің барлық түрлеріне басқармашылық бақылауды күшейту;

– шығындар көлемін ғана емес, олардың пайда болу себептерін де бақылау мүмкіндігі;

– ұзақ мерзімді басқару шешімдерін құруда «АВ-костинг» ақпараттарын қолдану мүмкіндігі;

– тиімді бағалы және маркетингтік саясатты құрудың құралы ретінде қолдану мүмкіндігі.

Сонымен қатар, жанама шығындарының жоғары үлесіне ие ірі және орта кәсіпорындарда «АВ-костинг» жүйесін ендіруге кеткен шығындар мөлшерінің соңғы жылдары анағұрлым төмендегенін айтуға болады.

Бірақ, «АВ-костинг» әдісі ендірілуі мен қолданылуына байланысты бірқатар кемшіліктерге де ие: еңбек сыйымдылығы, күрделілігі мен кәсіпорындардың шектеулі ортасы. Сондықтан да бұл жүйені тек жанама шығындар үлесі жоғары кәсіпорындарда қолдану ұсынылады.

Сонымен, «АВ-костинг» жүйесінің ерекшеліктері мен сипаттамаларын қарастыра отырып, бұл әдістің шығындар есебі мен басқарудың дәстүрлі амалдарының тиімсіздігін алдын алу құралы ретінде пайда болған қуатты басқару құралы екені анықталды.

Жанама шығындарды бөлу және стратегиялық басқару шешімдері үшін өнімнің өзіндік құнының сенімді көрсеткішіне қажеттілік мәсілелерінің көбеюі басқару есебінің дамуында сапалы өзгерістерге әкелді – операциялардың өзіндік құны негізінде кәсіпорынды басқару үшін ақпаратты құрудың жаңа

тұжырымдамасы. Бастапқыда дәстүрлі калькуляциялау әдістемесін жақсарту үшін құрылған «АВ-костинг» әдісі басқару шешімдерінің кең ауқымын қамтамасыз ететін калькуляциялық жүйеге айналды.

«АВ-костинг» әдісі:

– өнім бірлігінің нақты өзіндік құнын калькуляциялауды және дәстүрлі емес объектілердің өзіндік құны жөнінде ақпаратты түрлендіруді қамтамасыз етеді;

– әр түрлі стратегиялық басқару шешімдерін негіздеуге мүмкіндік береді;

– шығындарды жаңа қырынан талдау және оларды төмендету жолдарын айқындауға негіз болады; қызмет тиімділігін бағалау мен жоғарылату үшін қолданылады;

– өнімдерді, технологиялық процестерді, бизнес процестердің реинжинирингін жетілдіруге қатысады [3].

Бұл шығындар жүйесін мақсатты түрде келесідей сипаттарға ие ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарда қолданған жөн:

– өндірілетін өнімнің кең ассортименті;

– үстеме шығыстардың жоғары меншікті салмағы;

– үстеме шығыстар түрлерінің әртүрлілігі;

– өнім өндірісінің технологиялық процестерінің күрделілігі;

– кәсіпорын қызметі көлеміне үстеме шығыстар деңгейінің тікелей тәуекелділіктің жоқтығы;

– қызмет көрсететін бөлімшелердің көп болуы.

«АВ-костинг» калькуляциялық жүйесінің даму келешегі жауапкершілік орталықтарының қызметін бағалау, сонымен қатар өнімдер мен технологиялық процестерді дамыту үшін ақпараттық база негізінде қолданылуымен байланысты.

Осыған сәйкес, «АВ-костинг» кәсіпорындарға тек өнімдер, процестер мен операциялар түрлері бойынша шығындарды айқындап қана қоймай, сонымен қатар шығындарды азайту мен кәсіпорын қызметін жетілдіру мүмкіндіктерін айқындауға қажетті қаржылық және қаржылық емес ақпаратты ұсынады. Бұл жүйе – табысқа жету мен дамуға бағытталған кез келген ұйым үшін қажетті маңызды құралдардың бірі.

#### **Әдебиет:**

1. Аверчев И.В. Управленческий учет и отчетность. Постановка и внедрение. - М.: Изд-во «Вершина», 2006. - 373 с.
2. Блатков Н.А. Основы промышленного учета и калькуляции. - М.: Финансы, 2007. - 198 с.
3. Киселев В.А. Перспективы внедрения системы АВС на российских предприятиях. // Управленческий учет. 2007. No 5. - С. 18-24.